

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№364

2018 жылғы 10 желтоқсан

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
2019 жылға арналған жұмыс
жоспары туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақтөбе облыстық мәслихатының 2019 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Ә. САРМАНОВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

2018 жылғы 10 желтоқсандағы №364
облыстық мәслихаттың шешімімен
бекітілген

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2019 жылға арналған ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Ақтөбе облыстық мәслихаты өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және өкілді органдардың жұмысын регламенттейтін басқа да заңнамалық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

Мәслихаттың негізгі міндеттері тұрғындардың еркін білдіру, оны іске асыру үшін шараларды белгілеу, олардың жүзеге асырылуын бақылау, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады.

Атқарушы органдармен, барлық меншік үлгісіндегі шаруашылық субъектілерімен, қоғамдық ұйымдармен өзара келісілген іс-әрекеттерді негізге ала отыра, Ақтөбе облыстық мәслихаты өз қызметін мынадай шараларды орындауға бағыттайды:

- облыстың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін одан әрі көтеруге, тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етуге, өндіріске аса тиімді инновациялық технологияларды енгізуге, шағын және орта бизнесті, жалпы, кәсіпкерлікті қолдауға және дамытуға;

- Қазақстан Республикасы Конституциясының, мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын азаматтар мен ұйымдардың орындауына ықпал етуге;

- облыстық мәслихаттың депутаттарының, тұрақты комиссияларының, аппаратының нормашығармашылық жұмыстарының нәтижелілігін арттыруға, мәслихаттың күнделікті қызметінде демократиялық қағидаттарды сақтауға;

- облыстық бюджеттің қалыптасуы мен атқарылуына, бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыруға;

- тұрғындарды қолдау және қорғау бойынша бағдарламаларды жүзеге асыруға;

- облыста заңдылықты және қоғамдық тәртіпті нығайтуға, өңір тұрғындарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге;

- қоршаған ортаны қорғау және сауықтыру және табиғи қорларды тиімді пайдалану жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға.

2019 жылға белгіленген шараларды жүзеге асыру үшін мынадай мәселелерді қарау жоспарланады:

I. Облыстық мәслихаттың сессияларында қаралатын мәселелер

I тоқсан

1. «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының 2018 жылы іске асырылу барысы туралы.

2. Атқарылған жұмыстар туралы Ақтөбе облыстық мәслихаты хатшысының есебі туралы.

3. Ақтөбе облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшелерін сайлау туралы.

II тоқсан

1. Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған, салық-бюджеттік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру және 2018 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есеп.

1.1. 2018 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары туралы Тексеру комиссиясының баяндамасы туралы.

2. Жастарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және әлеуметтендіру бойынша жол картасының іске асырылу барысы туралы.

III тоқсан

1. Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы облыс әкімі Б.М.Сапарбаевтың есебі туралы.

IV тоқсан

1. 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы.

2. Облыстық мәслихаттың депутаттық өкілеттіктер мен этика, заңдылық, құқық тәртібі мәселелері және жұртшылықпен жұмыс жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.

3. Облыстық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.

4. Облыстық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.

5. Облыстық мәслихаттың аграрлық мәселелер, экология және табиғатты пайдалану жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.

6. Облыстық мәслихаттың құрылыс, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.

Сессияларда айтылған ескертулер мен ұсыныстарды, бұрын қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы ақпараттарды сессияның қарауына үнемі енгізу.

Тұрақты комиссиялардың есептерін, депутаттық сауалдарды және жергілікті өкілді органдардың құзыретіне жататын басқа да мәселелерді сессияларда қарау.

II. Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстарында қаралатын мәселелер

1. Депутаттық өкілеттіктер мен этика, заңдылық, құқық тәртібі мәселелері және жұртшылықпен жұмыс жөніндегі тұрақты комиссия:

I тоқсан

1. Тұрғындардың сандық сауаттылығын және мемлекеттік қызметтерді көрсетуді көтеру туралы.
2. Жергілікті полиция қызметінің жұмысы туралы.

II тоқсан

1. Ақтөбе облысында өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаментінің жұмысы туралы.
2. Ақтөбе облысында әскери-патриоттық тәрбиені қалыптастыру туралы.

III тоқсан

1. Ақтөбе облысында көші-қонды бақылаудың жай-күйі және камтамасыз ету бойынша шаралар туралы.
2. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының мемлекеттік органдармен орындалу барысы туралы.

IV тоқсан

1. 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы.
2. Облыстық мәслихаттың депутаттық өкілеттіктер мен этика, заңдылық, құқық тәртібі мәселелері және жұртшылықпен жұмыс жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.

2. Бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссия:

I тоқсан

1. Қазақстан Республикасында туристтік саланы дамыту туралы.
2. Бизнес-ортаны одан әрі жақсарту бойынша шаралар туралы.

3. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу бойынша шаралар туралы.

II тоқсан

1. Облыс әкімдігінің 2018 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есебі.

2. Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының 2018 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары туралы есебі.

3. Облысты дамыту бағдарламаларының мақсатты индикаторларына қол жеткізу және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы бюджеттік бағдарламалар әкімшілері басшыларының есептері туралы.

III тоқсан

1. «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының» іске асырылу барысы туралы.

2. Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту мәселелері туралы.

3. Тексеру комиссиясының 2018 жылғы және 2019 жылдың өткен кезеңіндегі бақылау шараларының қорытындылары туралы.

IV тоқсан

1. 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы.

2. «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру және өзектендіру туралы.

3. Облыстық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.

Облыс бюджетің нақтылау, оның орындалуы мәселелерін қажеттілігі бойынша қарау.

Жергілікті бюджеттің орындалуы туралы облыс бойынша тексеру комиссиясының есептерін отырыстарда тоқсан сайын тыңдау.

3. Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссия:

I тоқсан

1. Жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмекті енгізу барысы туралы.

2. Білім саласының өзекті мәселелері туралы.

3. Ақтөбе облысындағы жедел медициналық көмектің жай-күйі және оның даму перспективалары туралы.

II тоқсан

1. Жастарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және әлеуметтендіру бойынша жол картасының іске асырылу барысы туралы.

2. Жазғы демалыс кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру туралы.

3. Денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелері және медициналық қызмет көрсету сапасын көтеру туралы.

III тоқсан

1. Тұрғындарды дене шынықтырумен шұғылдануға тарту және спорт инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыстардың барысы туралы.

2. 2019-2020 жаңа оқу жылының басталуына дайындық туралы.

3. Онкологиялық ауруларға қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспар туралы.

IV тоқсан

1. 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы.

2. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы.

3. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін жетілдіру бойынша шаралар туралы.

4. Облыстық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.

4. Аграрлық мәселелер, экология және табиғатты пайдалану жөніндегі тұрақты комиссия

I тоқсан

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға туралы.

2. Ветеринарлық және фитосанитарлық (карантиндік) қауіпсіздік мәселелері туралы.

II тоқсан

1. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысы туралы.

2. Дала өрттерін туралы ескерту және жоюға дайындық туралы.

III тоқсан

1. Ақтөбе облысының елді мекендерін сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту туралы.
2. Ауылдық кооперацияларды одан әрі дамыту туралы.

IV тоқсан

1. 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы.
2. АӨК мемлекеттік бағдарламасының іске асырылу барысы туралы.
3. Облыстық мәслихаттың аграрлық мәселелер, экология және табиғатты пайдалану жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.

5. Құрылыс, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия:

I тоқсан

1. «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының 2018 жылы іске асырылу барысы туралы.
2. Тарифтерді төмендету бойынша шаралар туралы (электр қуаты, көмір, жылу-су, газбен жабдықтау, кәріз жүйесі, телефон байланысы, интернет, лифтерді қызмет көрсету, қоқыс шығару және т.б.).

II тоқсан

1. Ақтөбе қаласындағы автомобиль жолдары, суағарлар мен нөсерлік кәріздердің жағдайы және жөндеу мен күтіп-ұстау бойынша шаралар туралы.
2. Ақтөбе облысының елді мекендерінде жасыл екпелерді түгендеу туралы.
3. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жою және өңдеу мәселелері туралы.

III тоқсан

1. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №349 шешімімен бекітілген, Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру және көгалдандыру Қағидаларының орындалу барысы туралы.
2. Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту туралы.

IV тоқсан

1. 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы.
2. Облыстық мәслихаттың құрылыс, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.

III. Көпшіліктік тыңдаулар

Өте қажетті және қоғамдық маңызды мәселелерді талқылау мақсатында атқарушы органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының, азаматтардың қатысуымен тұрақты комиссиялардың кеңейтілген отырыстары түрінде көпшіліктік тыңдаулар өткізу:

Ақтөбе облысындағы экологиялық жағдайдың жай-күйі және жақсарту бойынша шаралар туралы.

IV. Депутаттарды құқықтық оқыту

Депутаттардың құқықтық білім деңгейлерін көтеру мақсатында жүйелі түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін зерделеу бойынша құқықтық оқулар, білікті мамандардың қатысуымен семинар-жиналыстар өткізу:

1 жартыжылдықта

1. Бес әлеуметтік бастаманың іске асырылу барысы туралы.

2 жартыжылдықта

2. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының іске асырылу барысы туралы.

V. «Депутаттық күндер»

Облыстың экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларының, жоспарлардың іске асырылу барысы туралы басқарма басшыларының есептерімен «Депутаттық күндер» өткізу:

1 жартыжылдықта

1. Ақтөбе агломерациясының іске асырылу барысы туралы.

2 жартыжылдықта

2. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу және қоғамға етене араластыру.

VI. Ұйымдастыру шаралары

Депутаттар сайлаушылармен тұрақты байланыста болады, оларды облыстық мәслихаттың жұмыстары туралы ұдайы хабардар етеді, қоғамдық пікірді зерделеп және атқарушы органдарға мәселелер мен ұсыныстарды енгізеді. Бекітілген кесте бойынша азаматтарды қабылдайды.

Мәслихат аппараты бұқаралық ақпарат құралдарында және веб-сайтта облыстық мәслихаттың, депутаттардың қызметтері, өткізілген шаралар мен тұрақты комиссиялардың отырыстары туралы ақпараттарды ұдайы жариялайды.

Бұл мақсатта депутаттардың жұмыстарында бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіншіліктерін белсенді пайдалану қажет. «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінің редакцияларымен бірге «Депутаттық парақ» айдарының шығарылымы ұдайы ұйымдастырылады.